 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медициналық университет» КеАҚ	ДК
	8D10103 «Қоғамдық денсаулық сақтау» (6D110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы) және 8D10101 «Мейіргер ғылымы» мамандығы бойынша диссертациялық кеңес	Бет 1 3 тен

2024 жылғы Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп

«Астана медициналық университет» КеАҚ тағы 8D10103 «Қоғамдық денсаулық сақтау» (6D110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы) және 8D10101 «Мейіргер ғылымы» мамандығы бойынша диссертациялық кеңес № 850-н/қ бұйрығымен 16.09.2024 бекітілген, келесі құрамында жасайды: төрағасы-Алдынгулов Д.К., төрағасының орынбасары- Семенова Ю.М., хатшысы-Умбетжанова А.Т., диссертациялық кеңестің мүшесі-Кулкаева Г.У.

Есеп мынадай мәліметтерді қамтиды:

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер: Есептік кезеңде диссертациялық кеңес 3 отырыс өткізді.

2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты: жоқ

3. ЖЖОКБҰ көрсетілген докторанттар тізімі.


	Докторанттың аты-жөні	ЖОО атауы
1	Алчимбаева М.А.	МУА КеАҚ

4. Мынадай бөлімдерді қамти отырып, есепті жылдың ішінде кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау: «Астана медициналық университет»КеАҚ-тағы диссертациялық кеңес 6D110200, 8D10103 «Қоғамдық денсаулық сақтау», 8D10101 «Мейіргер ғылымы» кадрларын даярлау бағыты бойынша бір (1) диссертация қабылдады.

Алчимбаева Макпал Аскарловна, диссертациялық жұмысының тақырыбы «Научное обоснование механизма внедрения инструментов защиты профессиональной деятельности медицинских работников», қорғау күні-12.09.2024 ж.

1.1) қаралған жұмыстардың тақырыптарын талдау: диссертация медициналық қателіктердің таралу құрылымын зерттеу мен талдауға және медициналық қызметкерлердің кәсіби жауапкершілігін сақтандырудың тиімді жүйесін енгізуді ұйымдастыруға арналған. Зерттеу аясында кәсіби жауапкершілікті сақтандыру жүйесін енгізуге байланысты кедергілер анықталып, медициналық қызметкерлердің кәсіби жауапкершілігін қорғауды жетілдіруге ғылыми негізделген тәсілдер ұсынылған;

1.2) Диссертациялық тақырыптардың ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы: Диссертация «Өмір және денсаулық туралы ғылымдар» саласындағы ғылымды дамыту бағытына сәйкес орындалған, бұл бағыт Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссиямен Қазақстан Республикасының «Ғылым және

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медициналық университет» КеАҚ	ДК
	8D10103 «Қоғамдық денсаулық сақтау» (6D110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы) және 8D10101 «Мейіргер ғылымы» мамандығы бойынша диссертациялық кеңес	Бет 2 3 тен


технологиялық саясат туралы» Заңының 20-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес анықталған;

1.3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау: Зерттеу нәтижелері бойынша «Методические рекомендации организациям практического здравоохранения по внедрению системы ведения учёта и анализа инцидентов с целью повышения безопасности пациентов» әзірленді. Бұл ұсынымдарда медициналық оқиғаларды есепке алу және талдау жүргізуді ескере отырып, медициналық ұйымдардағы қауіпсіздік мәдениетін өзгертудің негізгі талаптары және өзін-өзі бағалау бойынша чек-лист халықаралық озық тәжірибеге (ДДСҰ, Еуростат) негізделген түрде ұсынылған.

Диссертациялық зерттеудің практикалық ұсынымдары Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Медициналық орталық ауруханасының (Астана қаласы) практикасына енгізілген. 5 авторлық куәлік пен практикалық денсаулық сақтауға енгізу бойынша 4 акт бар.

5. Ресми рецензенттердің жұмысын талдау:

Докторанттың аты-жөні	Диссертацияның тақырыбы	Рецензенттер
Алчимбаева Макпал Аскарловна	Научное обоснование механизма внедрения инструментов защиты профессиональной деятельности медицинских работников	<p>Султанбекова Бибигуль Мальгаждаровна –PhD (6D110200 – қоғамдық денсаулық сақтау), «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша жоғары санатты дәрігер, Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Медициналық орталығының Ауруханасы РМК-ның (Астана қаласы, Қазақстан Республикасы) сапа менеджменті және пациенттің қауіпсіздігі қызметінің жетекшісі.</p> <p>Сақтаганова Индира Советовна – Заң ғылымдарының кандидаты (12.00.01 – құқық және мемлекеттің теориясы мен тарихы; құқықтық және саяси ілімдер тарихы), «Конституциялық және азаматтық құқық» кафедрасының қауымдастырылған профессоры (доценті), Л.Н. Гумилев атындағы</p>

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медициналық университет» КеАК	ДК
	8D10103 «Қоғамдық денсаулық сақтау» (6D110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы) және 8D10101 «Мейіргер ғылымы» мамандығы бойынша диссертациялық кеңес	Бет 3 3 тен

	Еуразия ұлттық университеті (Астана қаласы, Қазақстан Республикасы).
--	--

Диссертациялық жұмыс бойынша ресми рецензенттердің пікірлері Қосымша талаптарына сәйкес рәсімделген. Уақтылы ұсынылған, рецензияның мазмұны рецензияланатын диссертациялық жұмысқа сәйкес келеді.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар: жоқ

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

- 1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының)-1 (бір);
- 2) қараудан алып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының)-жоқ;
- 3) ресми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) -жоқ;
- 4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) -жоқ;
- 5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) -жоқ;
- 6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) –жоқ.

Диссертациялық кеңестің төрағасы, PhD

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы, PhD

2025 жылғы "05" қаңтар



Алдынгуров Д.К.

Умбетжанова А.Т.